

"Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 963 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 14 наурыздағы № 1204 қаулысы

Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 963 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуы Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы басшысының міндетін атқарушы Т. Мекамбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Кәрімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына қосымша

Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ

р/с	Карантиндік объект атауы	Аудан атауы	Жалпы зақымданған алаң , (гектар)
1	Арам сояу	Тұран	1,51
2		Әл-Фараби	0,1
3		Еңбекші	2
4		Қаратау	0,7
Барлығы			4,31
1	Жатаған у кекіре	Тұран	1,5
2		Еңбекші	2,9
3		Қаратау	1,1
4		Абай	11,15

Барлығы	16,65
ЖАЛПЫ	20,96

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК